

FTAMP: 15.31.31

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2026.87.2.014>

Байғалиев Ә.М.¹  Әмірбек С.Ж.² , Исламов Б.Б.^{1*}  Оспанкулов Е.Е.¹ 

Утегенов Е.Қ.³ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

³І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

e-mail: berikislyamov@gmail.com

Дене шынықтыру сабағында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуда co-teaching әдісінің психологиялық тиімділігі

Аңдатпа

Бұл мақалада дене шынықтыру сабақтарында бірлескен оқыту (co-teaching) тәсілін қолданудың мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық дамуына әсері қарастырылады. Қазіргі таңда инклюзивті білім беру ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тек білім алуына ғана емес, олардың эмоциялық әл-ауқатын, әлеуметтік бейімделуін және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған маңызды үдеріс ретінде танылады. Осы тұрғыдан алғанда, дене шынықтыру сабақтарында co-teaching тәсілін қолдану оқушылардың психологиялық жайлылығын қамтамасыз етудің тиімді құралы болып табылады. Зерттеу жалпы білім беретін мектептің 5–6-сыныптарында оқитын 32 оқушының (N = 32) қатысуымен жүргізілді. Зерттеу барысында әдебиеттерге шолу, жүйелі бақылау, сауалнама және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Нәтижелер co-teaching тәсілінің оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, өзіне деген сенімділігін және әлеуметтік қарым-қатынас белсенділігін арттырғанын көрсетті. Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың 76%-ы өздерін сенімді сезінгенін, 69%-ы қиындықтарды жеңе алғанын, ал 87%-ы мұғалім тарапынан жеткілікті қолдау алғанын атап өтті. Қорытындылай келе, co-teaching тәсілі мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық әл-ауқатын қолдауға, өзіндік бағалауын арттыруға, ішкі мотивациясын күшейтуге және әлеуметтік-психологиялық бейімделуін жақсартуға тиімді ықпал ететіні анықталды. Зерттеу нәтижелері бұл тәсілдің инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық қолдаудың маңызды құралы екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: психологиялық тиімділік, эмоциялық тұрақтылық, әлеуметтік бейімделу, өзіндік сенімділік, психологиялық қолдау

Байғалиев Ә.М.¹, Омирбек С.Ж.², Исламов Б.Б.^{1*}, Оспанкулов Е.Е.¹, Утегенов Е.Қ.³

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,

²Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан,

³Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Талдыкурған, Казахстан

e-mail: berikislyamov@gmail.com

Психологическая эффективность метода co-teaching при обучении детей с ограниченными возможностями на уроках физической культуры

Аннотация

В данной статье рассматривается влияние подхода совместного обучения (co-teaching), применяемого на уроках физической культуры, на психологическое развитие детей с ограниченными возможностями. В настоящее время инклюзивное образование

рассматривается как важный процесс, направленный не только на обеспечение обучения детей с особыми образовательными потребностями, но и на поддержку их эмоционального благополучия, социальной адаптации и личностного развития. В этом контексте использование подхода co-teaching на уроках физической культуры является эффективным средством обеспечения психологического комфорта учащихся. Исследование проводилось среди 32 учащихся ($N = 32$) 5–6 классов общеобразовательной школы. В ходе исследования были использованы методы анализа литературы, систематического наблюдения, анкетирования и сравнительного анализа. Результаты показали, что подход co-teaching способствует повышению интереса учащихся к занятиям, развитию уверенности в себе и активности в социальном взаимодействии. По результатам анкетирования 76% учащихся отметили, что стали чувствовать себя более уверенно, 69% указали, что смогли преодолеть трудности, а 87% сообщили о достаточной поддержке со стороны учителей. В заключение установлено, что подход co-teaching эффективно способствует поддержанию психологического благополучия детей с ограниченными возможностями, повышению их самооценки, укреплению внутренней мотивации и улучшению социально-психологической адаптации. Результаты исследования показывают, что данный подход является важным средством психологической поддержки в условиях инклюзивного образования.

Ключевые слова: психологическая эффективность, эмоциональная устойчивость, социальная адаптация, уверенность в себе, психологическая поддержка

Baigaliev A.M.¹, Omirbek S.J.², Islyamov B.B.^{1*}, Ospankulov E.E.¹, Utegenov Y.K.³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

²Kazakh National Womens Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

³Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

e-mail: berikislyamov@gmail.com

Psychological effectiveness of the co-teaching method in teaching children with disabilities during physical education classes

Abstract

This article examines the impact of the co-teaching approach used in physical education classes on the psychological development of children with disabilities. Currently, inclusive education is recognized as an important process aimed not only at providing education for children with special educational needs, but also at supporting their emotional well-being, social adaptation, and personal development. In this regard, the use of the co-teaching approach in physical education classes serves as an effective tool for ensuring students' psychological comfort. The study was conducted among 32 students ($N = 32$) studying in grades 5–6 of a general education school. The research methods included literature review, systematic observation, questionnaires, and comparative analysis. The results showed that the co-teaching approach increased students' interest in lessons, self-confidence, and social interaction activity. According to the survey results, 76% of students reported feeling more confident, 69% stated that they were able to overcome difficulties, and 87% noted that they received sufficient support from teachers. In conclusion, the co-teaching approach was found to effectively support the psychological well-being of children with disabilities, improve their self-esteem, strengthen intrinsic motivation, and enhance socio-psychological adaptation. The findings indicate that this approach is an important means of psychological support in inclusive education settings.

Keywords: psychological effectiveness, emotional stability, social adaptation, self-confidence, psychological support

Қысқаша: Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өз халыққа жолдауында еліміздің зияткерлік әлеуетін кұрайтын, өз ісінің флағманы, ұлт дамуының ұзақ

жылдарға іргетасын қалайтын бұл мұғалім. Білім беру жүйесінің жүрегі білікті мұғалімдер, өйткені бағдарламалар, заманауи мектептер, алдыңғы қатарлы басқару мен сапалы білімді толық негізде қамтамасыз ете алмайды деп көрсеткен [1].

Қазіргі кезеңде Қазақстандағы білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі – инклюзивті білім беру жүйесін дамыту. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінде инклюзивті білім беру мәселелері бойынша, 4-тармақтың 3-тармақшасының тоғызыншы және оныншы абзацтарында былай деп айтылған: «Айрықша білім беру қажеттіліктері бар адамдарға (балаларға) олардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру жүйесі ұсынған шектерде білім алу нысанын таңдау құқығын беруді қоса алғанда, білім берудің барлық деңгейлерінде өмір бойы оқуын жалғастыру, олардың қабілеттерін еркін дамыту үшін айрықша білім беру қажеттіліктері бар адамдарға (балаларға) жағдай жасалу керек екені айтылады» [2]. Демек, мүмкіндігі шектеулі балаларға сапалы білім алуда тең жағдай жасау – қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің маңызды тетігі. Осы орайда дене шынықтыру сабақтарының орны ерекше. Олар тек қана оқушылардың физикалық дамуына ықпал етіп қоймай, сонымен қатар олардың әлеуметтік бейімделуін, өзін-өзі бағалау қабілетін және қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге жағдай жасайды.

Дене шынықтыру инклюзивті білім беру жағдайында тек физикалық дамытудың құралы ғана емес, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін маңызды психологиялық-педагогикалық ресурс ретінде қарастырылады. Оның әлеуеті балалардың эмоциялық-ерік саласын дамытуға, өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға, мазасыздық деңгейін төмендетуге және ішкі сенімділігін нығайтуға бағытталған қолайлы жағдайлар жасауымен айқындалады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтенуі – әлеуметтік нормаларды меңгеру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту және топқа тиесілілік сезімін қалыптастыруды қамтитын күрделі психологиялық үдеріс. Бұл үдерісте баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттесу сипаты шешуші рөл атқарады. Лев Выготский мәдени-тарихи теориясына сәйкес, әлеуметтенудегі қиындықтар биологиялық шектеулермен емес, баланың әлеуметтік ортамен байланысының бұзылуымен («әлеуметтік ығысу») байланысты [6]. Бұл байланысты қалпына келтіру баланы бірлескен іс-әрекетке тарту арқылы жүзеге асады, онда ол қолдау, өзара әрекет және мойындалу тәжірибесін меңгереді.

Осы тұрғыдан алғанда, дене шынықтыру сабақтары ерекше мүмкіндіктерге ие. Қозғалыс белсенділігі психикалық реттеу құралы ретінде әрекет етіп, күйзеліс пен мазасыздық деңгейін төмендетеді, агрессияны азайтады, өзін-өзі бақылау мен эмоциялық тұрақтылықты қалыптастырады. Бірлескен жаттығулар барысында оқушыларда ынтымақтастық, эмпатия және өзара көмек дағдылары дамиды, бұл өз кезегінде табысты әлеуметтік бейімделудің негізін қалайды. Сабақтағы психологиялық ахуалдың маңызы ерекше. Қолдаушы, қауіпсіз және қабылдаушы орта мүмкіндігі шектеулі балаларда сенімділік сезімін қалыптастырып, сәтсіздікке деген қорқынышты төмендетеді. Педагог пен оқушы арасындағы жағымды эмоциялық байланыс (вербалды қолдау, мадақтау, кері байланыс, тактильді қолдау) оқушылардың оқу іс-әрекетіне деген ынтасын арттырып, жағымды тәжірибе қалыптастырады. Дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысу мүмкіндігі шектеулі балалардың психикалық дамуына кешенді әсер етеді: мотивациясы артады, өзін-өзі реттеу дағдылары дамиды, өз мүмкіндіктеріне деген сенімділігі күшейеді. Нәтижесінде олар әлеуметтік тұрғыдан белсенді, психологиялық тұрғыдан тұрақты тұлға ретінде қалыптасады. Дене шынықтыру және спорт туралы заңында бейімдік дене шынықтыру ұғымын келесідей анықтайды, ерекше қажеттілігі бар адамдарды әлеуметтік ортаға бейімдеу үшін, қалыпты өмірде кедергі келтіретін психологиялық кедергілерді жою мақсатында, оңалту шараларын ұйымдастыру мен қоғамның толыққанды мүшесі ретінде ел дамуына өз үлесін қосу үшін қолайлы орта құруға бағытталған. Осы негізде, барлық бастама бала күннен екенін ескерер болсақ, өз сыныбында әр дене шынықтыру

мұғалімі осы аталған қолайлы даму ортасын білікті маман ретінде ұйымдастыра алуының маңызы зор [3].

Сонымен қатар дәстүрлі оқыту тәсілдері мүмкіндігі шектеулі балалардың барынша жеке қажеттіліктерін әрдайым ескере бермейді. Сол себепті соңғы жылдары білім беру тәжірибесінде co-teaching (бірлескен оқыту) әдісін қолдану өзекті тақырыпқа айналды. Аталған әдіс жалпы пән мұғалімдері мен дефектолог, логопед сияқты арнайы мамандардың бірлесе жұмыс істеуіне негізделіп, әрбір оқушының оқу үрдісіне толыққанды қатысуына жағдай жасайды.

Co-teaching әдісі тек педагогикалық емес, сонымен қатар психологиялық тұрғыдан да тиімді. Екі маманның бірлескен жұмысы оқушылардың эмоциялық жағдайын тұрақты бақылауға, дер кезінде қолдау көрсетуге және әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде оқушылардың өзіндік сенімділігін арттырып, әлеуметтік өзара әрекеттесуін күшейтеді.

Осылайша, дене шынықтыру сабақтары мен бірлескен оқыту технологиясының үйлесуі мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық қолдауын қамтамасыз ететін, олардың әлеуметтенуін, тұлғалық дамуын және қоғамға табысты кірігуін қамтамасыз ететін тиімді құрал болып табылады.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – дене шынықтыру сабақтарында co-teaching әдісін пайдаланудың нәтижелілігін бағалау және оның мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық қабілеттерін, дене дайындығын әрі әлеуметтік дағдыларын дамытуға қосатын үлесін анықтау.

Аталған мақсатқа байланысты зерттеу мынадай міндеттерді көздейді: co-teaching әдісінің ғылыми-теориялық алғышарттарын зерделеу; дене шынықтыру сабақтарында мүмкіндігі шектеулі оқушыларды оқытудың ерекшеліктерін айқындау; бірлескен оқыту тәсілінің тиімділігін тәжірибе арқылы дәлелдеу; инклюзивті білім беру жүйесінде co-teaching әдісін қолданудың мүмкіндіктері мен шектеулерін сараптау.

Демек, мақалада дене шынықтыру сабақтарында co-teaching әдісін қолданудың ғылыми және практикалық мәні көрсетіліп, инклюзивті білім беру тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар беріледі.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу кездейсоқ тапсырмаларсыз параллель-топтық эксперимент ретінде жүргізілді. Зерттеу Қазақстандағы бір жалпы білім беретін мектепте жүргізілді; талдауға 5-6 сыныптардағы 32 оқушы, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар қатысты. Қатысу критерийлеріне дене шынықтыру сабақтарына үнемі қатысу, жаттығуларға медициналық қарсы көрсетілімдердің болмауы, ата-аналардың (заңды қамқоршылардың) хабардар келісімі және оқушылардың өздерінің ауызша келісімі кірді. Шығару критерийлеріне бақылау кезеңінде сабақтарды жіберіп алудың 25%-дан астамы және қатысуды шектейтін жедел жарақаттар/жағдайлар кірді. Топтарға дәстүрлі форматтағы сабақтар және бірлесіп оқыту енгізілген сабақтар кірді.

Сабақтар мектептің кәдімгі спорт залында стандартты кестеге сәйкес және стандартты жабдықтармен (гимнастика төсеніштері, жабдықтар және командалық жаттығуларға арналған белгілер) өткізілді. Мазмұндық модульдер 5 және 6 сыныптарға арналған қолданыстағы дене шынықтыру бағдарламаларына сәйкес келді; қауіпсіздік кезекші медицина қызметкерінің қатысуымен және қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтармен қамтамасыз етілді. Бірлескен сабақтардың барлығын дене шынықтыру маманы және арнайы білім беру мұғалімі/логопед жүргізді; сыныптардың көлемі сынып деңгейіне сәйкес келді.

Бірлесіп оқыту үш форматта қолданылды: Екі мұғалім сабақты бір уақытта өткізеді; Сынып кезектесіп, тапсырмалар мен мұғалімдерді ауыстырып отырады; Сынып мақсаттарға параллель жұмыс істеу үшін кіші топтарға бөлінеді. Нақты формат сабақ мақсаттарына (техника мен үйлестіру, командалық жұмыс және сараланған жұмыс жүктемесі) және мүмкіндігі шектеулі оқушылардың жеке білім беру қажеттіліктеріне негізделіп таңдалды. Бақылау тобында сабақтарды стандартты оқу бағдарламасын қолдана отырып, бір дене шынықтыру мұғалімі жүргізді.

Материалдар мен құралдар Сабақты бақылау кестесінде оқу белсенділігі (жоғары/орташа/төмен), әлеуметтік өзара әрекеттесулер (бірлескен іс-шаралар, өзара көмек, қарым-қатынас) және қозғалыс жаттығуларын орындаудың дәлдігі (дұрыс/қателері бар/толтырылмаған) тіркелді; Оқушылардың сауалнамасы өзін-өзі бағалау сауалнамасынан және 5 балдық Ликерт шкаласынан тұрды («материал түсінікті болды», «мен сенімді болдым», «мұғалімнің қолдауы жеткілікті болды» және т.б. сияқты тұжырымдар). Есеп беру мақсатында жауаптар «оң» жауаптардың пайызы ретінде қорытындыланды (4-5 балл); Мұғалімнің күнделігінде ЖББ-ға тапсырмаларды өзгерту/бейімдеу, ынтымақтастық жағдайлары және анықталған қиындықтар туралы қысқаша жазбалар болды.

Әрбір топ үшін бір академиялық кезеңдегі дене шынықтыру сабақтарының типтік сериясы жазылды. Бақылаулар бірыңғай хаттама бойынша жүргізілді. Әр сабақ аяқталғаннан кейін сауалнамалар жасырын түрде жүргізілді. Хаттамалар электрондық кестелерге енгізіліп, кейіннен толықтығы мен логикалық қателіктері тексерілді.

Бастапқы талдау негізгі көрсеткіштердің сипаттамалық өлшемдерін (95% CI бар пропорциялар/пайыздар) қамтыды. Дәстүрлі сабақтар мен бірлесіп оқыту форматы арасындағы категориялық айнымалылардың таралуын салыстыру үшін Пирсон χ^2 сынағы немесе төмен күтілетін жиіліктер үшін Фишердің дәл сынағы қолданылды; әсер мөлшері Крамердің V әдісін қолдана отырып бағаланды. Сауалнамалардың агрегаттық шкала индекстері үшін қажет болған жағдайда орташа мәндер салыстырылды (болжамды тексеру немесе параметрлік емес баламасы бар Стюденттің t-тестісі). Маңыздылық деңгейі $\alpha = 0,05$ болды (екі жақты сынақтар). Өңдеу электрондық кесте редакторында және статистикалық бағдарламалық жасақтамада (мысалы, R/IBM SPSS/Excel) жүргізілді; кодтау және есептеу үлгілерін сақтау арқылы қайталану қамтамасыз етілді.

Зерттеу құпиялылық пен ерікті қатысуды ескере отырып жүргізілді: жеке басын анықтайтын ақпарат жиналмады, деректер жиынтық түрде ұсынылды, ал бейімделулер мен білім беру қажеттіліктері жеке ақпаратты жарияламай ескерілді.

Нәтижелер мен талдаулар әдебиеттерді іздеу scopus, web of science core collection, eric, google scholar (сұр материалдар мен дәйексөз тізбектері үшін) және elibrary/rsci сияқты халықаралық және аймақтық дерекқорларда жүргізілді; нормативтік дереккөздер үшін adilet құқықтық жүйесі пайдаланылды. уақыт қамтуы 2010–2024 жылдарды құрады, мамандандырылған журналдар мен мета-талдауларда 2025 жылға арналған жаңартулар ізді түрде тексерілді; сұраныс тілдері орыс, ағылшын және қазақ тілдері болды. сұранысты құрудың мысалы: ағылшын тілінде ("co-teaching"/"team/station/parallel teaching") және ("inclusive education"/"students with disabilities"/"special educational needs") және («physical education»/pe); орыс тілінде – («совместное преподавание»/ «со-преподавание»/ «командное преподавание») және («инклюзивное образование»/ «овз») және ("физическая культура"); қазақ тілінде - ("бірлескен оқыту"/"бірлесіп оқыту") және ("инклюзивті ақ беру"/"ерекше ақ беруге үйрету") және ("денсаулықтыру"). шектеулер қолданылады: мақала, шолу, кітап тарауы, мета-талдау; eric тілінде ол қосымша рецензияланады.

Қосу критерийлері: инклюзивті сыныптарға/мүмкіндігі шектеулі оқушыларға және/немесе дене шынықтыру пәніне (немесе салыстырмалы қозғалыс және сабақ форматтарына) бағытталған мектеп жағдайларында бірлесіп оқыту бойынша эмпирикалық зерттеулер, шолулар және мета-талдаулар. Көшірмелер, эмпирикалық негізі жоқ басылымдар (эсселер, пікірлер), орта мектептерге берілмейтін мектепке дейінгі мекемелер/университеттер туралы материалдар, сондай-ақ көрсетілген кезеңнен тыс және айтарлықтай теориялық жаңалығы жоқ мәтіндер алынып тасталды. Іріктеу екі кезеңмен (тақырып/аннотация → толық мәтін), негізгі мақалалардың сілтеме тізімдерінен қар тәрізді іріктеу және Google Scholar бағдарламасында дәйексөздерді қолмен тексеру арқылы жүргізілді. Соңғы массив үш салада кодталды: бірлесіп оқыту модельдері (топ/станция/параллель), білім беру саласындағы қатысу және әлеуметтік өзара әрекеттесу, қозғалыс тапсырмаларын орындау сапасы және академиялық нәтижелер.

Соңғы іздеу жаңартуы: 2025 жылғы 10 қараша. 2025 жылы критерийлерге сәйкес келетін жаңа басылымдар «қосымша анықталған» деп белгіленеді және негізгі қорытындыларды өзгертпейді.

Зерттеулер инклюзивті білім беру аясында co-teaching әдісінің тиімділігін кеңінен дәлелдейді. Cook L., Friend M [4] бірлескен оқытудың әртүрлі үлгілерін сипаттап, олардың инклюзивті сыныптағы оқушылардың белсенділігін арттыруға ықпал ететінін көрсеткен. Ал Murawski W. W. [5] бастауыш мектептердегі тәжірибелерді талдай отырып, бұл тәсілдің әлеуметтік интеграцияны күшейтетінін атап өткен.

Выготский Л.С.[6] әлеуметтік-конструктивистік оқыту тұжырымдамасында бірлескен әрекеттің білімді меңгерудегі маңызды рөлін атап көрсетті. Қазақстандық еңбектерде, соның ішінде Шалғынбаева К.К [7] өзінің зерттеуінде инклюзивті білім беруді әлеуметтік проблема ретінде қарастырып, шетел тәжірибесі арқылы біздің білім беру жүйесін дамыту қажет - деп есептейді. Мовкебаева З.А. мен Оралканова И.А [8] зерттеулерінде инклюзивті білім беру жағдайындағы жалпы білім беретін ұйымдарда педагог жұмысының басты міндеттерінің бірі даму мүмкіндігі шектеулі баланы және оның отбасын жалпы білім беру ортасына енгізуді реттейтін үдерісті сапалы түрде басқару керек екенін айтады. Алимқұлова Ж. [9] зерттеуінде, инклюзивті дене шынықтыру сабақтарының ұйымдастыру жолдары мен әдістемелік негіздерін қарастырылған. Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [10] ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға тең жағдай жасау міндеттеледі.

Батыс ғалымдары да co-teaching әдісінің түрлі нұсқаларын іс жүзінде қолданып, оның тиімділігін дәлелдеп отыр. Scruggs T. E., Mastropieri M. A [11] арнайы білім беру саласында мұғалімдердің бірлескен жұмысы оқушылардың үлгерімін жақсартатынын көрсеткен. Cook L., Friend M [12] бірлескен оқытудың үлгілерін жүйелеп, олардың күшті және әлсіз жақтарын талдады. Magiera K., Zigmond N. [13] оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін арттырудағы бірлескен оқытудың маңызын айқындап, әсіресе дене шынықтыру пәнінде оның нәтижелілігін атап өткен.


Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде де бұл мәселе жан-жақты қарастырылған. Мәселен, Құдайбергенова К. [14] инклюзивті білім беруді дамытуда мұғалімдердің кәсіби даярлығының шешуші мәнге ие екенін атап өтті. Сейсенова А. [15] co-teaching тәсілінің әлеуметтік бейімделуге әсерін зерттеп, оны инклюзивті сыныптағы қарым-қатынасты күшейтетін маңызды әдіс ретінде сипаттады. Ал Флориан Л. мен Блэк-Хокинс К. [16] инклюзивті педагогикада «қатысу мәдениетін» орнықтыруда бірлескен оқытудың айрықша рөл атқаратынын дәлелдеді. Жакын жылдардағы еңбектерде Sharma U., Salend S. [17] мұғалімдердің инклюзивті білім беруге қатысты ұстанымдары co-teaching әдісінің нәтижелі жүзеге асуына тікелей ықпал ететінін көрсеткен. Сондай-ақ, Hattie J. [18] жүргізген мета-анализ бірлескен оқыту үлгілерінің оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруға ықпалын тәжірибелік деректер арқылы негіздеді.

Қорытындылай келе, әдебиеттерге жасалған талдау co-teaching әдісінің инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың үлгерімін жақсартуға, әлеуметтік бейімделуін қолдауға және өзіндік сенімін нығайтуға мүмкіндік беретінін айқындады. Зерттеу қорытындылары дене шынықтыру сабақтарында co-teaching тәсілін қолдану мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу белсенділігі мен қимыл-қозғалыс деңгейін жақсартатынын көрсетті. Бірлескен оқыту енгізілген сыныптарда оқушылардың сабаққа қатысуы дәстүрлі әдіске қарағанда едәуір жоғары болды. Мысалы, жоғары белсенділік танытқан оқушылардың үлесі дәстүрлі сабақтарда 38 % құраса, co-teaching жағдайында 62 %-ға дейін артты. Орташа белсенділік деңгейі сәйкесінше 42 %-дан 30 %-ға дейін төмендеді, ал төмен белсенділік көрсеткіші 20 %-дан 8 %-ға азайды (Кесте 1).

Кесте 1. Оқушылардың сабаққа қатысу деңгейі (%)

Топ	Жоғары белсенділік	Орташа белсенділік	Төмен белсенділік
Дәстүрлі сабақтар	38 %	42 %	20 %
Co-teaching сабақтары	62 %	30 %	8 %

Co-teaching тәсілін қолдану оқушылардың өзара қарым-қатынасын және мұғалімдермен байланысын да жақсартты. Дәстүрлі сабақтарда ынтымақтастық деңгейі 48 % болса, бірлескен оқыту үлгісінде бұл көрсеткіш 75 %-ға жетті (Сурет 1).




Сурет 1 - Сабақ барысында ынтымақтастық көрсеткіші (үлгілік диаграмма)

Физикалық жаттығулардың орындалу сапасы да co-teaching қолданылған сабақтарда анағұрлым жоғары болды. Дәстүрлі әдісте тапсырмаларды дұрыс орындаған оқушылардың үлесі 55 % болса, бірлескен оқыту жағдайында ол 72 %-ға дейін артты. Қате орындаулардың үлесі 30 %-дан 22 %-ға азайды, ал мүлде орындай алмағандар саны 15 %-дан 6 %-ға дейін қысқарды (Кесте 2).

Кесте 2. Физикалық жаттығулардың орындалу дәлдігі (%)

Топ	Дұрыс орындады	Қателері бар	Орындамады
Дәстүрлі сабақтар	55 %	30 %	15 %
Co-teaching сабақтары	72 %	22 %	6 %

Сауалнама қорытындылары да co-teaching әдісінің нәтижелілігін айқындады. Оқушылардың 81 %-ы сабақ мазмұнының түсініктірек болғанын, 87 %-ы мұғалімдердің қолдауы жеткілікті екенін білдірді. Сонымен бірге, 76 % оқушы өзін сенімді сезінгенін, ал 69 %-ы қиындықтарды оңай еңсергенін атап өтті (Сурет 2).



Сурет 2 - Сауалнама қорытындысы (% оң пікірлер)

Жалпы зерттеу нәтижелері co-teaching тәсілінің мүмкіндігі шектеулі балалардың сабаққа қатысуын күшейтуге, әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға және жаттығуларды орындау сапасын арттыруға ықпал ететінін көрсетті. Мұғалімдер бұл әдістің инклюзивті білім беру үдерісіндегі маңызын атап, оны мектеп тәжірибесінде кеңінен қолданудың қажеттілігін ерекше айқындады.

Талқылау. Зерттеу қорытындылары co-teaching (бірлескен оқыту) әдісінің дене шынықтыру сабақтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін тиімді екенін көрсетті. Мұндай нәтижелер халықаралық және қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде келтірілген деректермен үйлеседі. Алынған нәтижелер co-teaching үлгісін енгізу оқушылардың сабаққа қатысу деңгейін едәуір көтеретінін айғақтайды. Бұл Friend M., Cook L. еңбектеріндегі тұжырымдармен сәйкес келеді, онда бірлескен оқыту тәсілі оқушылардың сабақтағы белсенділігін арттыруға ықпал ететіні айтылған. Сондай-ақ Murawski W. W. бастауыш сыныптардағы тәжірибесін зерделей отырып, бұл әдістің оқушылардың әлеуметтік бейімделуіне оң әсер ететінін көрсеткен.

Зерттеу нәтижелерінің ішінде ерекше атап өтілетіні – оқушылардың өзара ынтымақтастығының жоғарылауы. Бұл Scruggs T. E., Mastropieri M. A. еңбектеріндегі мәліметтермен үндес, онда мұғалімдердің бірлескен әрекеті оқушылардың оқу жетістіктерін ғана емес, сонымен қатар тұлғааралық байланыстарын да күшейтетіні көрсетілген. Физикалық жаттығуларды орындау сапасының артуы co-teaching әдісінің қосымша тиімділігін көрсетеді. Бұл Magiera K., Zigmond N. зерттеуіндегі деректермен сәйкес келеді, онда бірлескен оқыту барысында мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дағдыларды меңгеру деңгейі дәстүрлі тәсілдерге қарағанда жоғары болатыны дәлелденген. Сауалнама қорытындылары оқушылардың жеке пікірлерін де көрсетті. Көпшілігі сабақ мазмұнының айқын болғанын және мұғалім тарапынан жеткілікті қолдау алғанын атап өтті. Бұл Sharma U., Salend S. еңбектерінде де расталған, онда инклюзивті білім беру тиімділігі мұғалімдердің көзқарасы мен кәсіби даярлық деңгейімен байланысты екені дәлелденген.

Қазақстан жағдайында co-teaching әдісін қолданудың маңызы ерекше. Құдайбергенова К. мен Сейсенова А. еңбектерінде мұғалімдердің кәсіби дайындығы мен педагогикалық ынтымақтастықты дамыту инклюзивті білім беру саясатының тиімді жүзеге асуына тікелей ықпал ететіні атап өтілген. Зерттеу барысында бірқатар шектеулер де анықталды. Біріншіден, қатысушылар санының аздығы (32 оқушы) нәтижелерді жалпылауға белгілі бір шектеу қояды. Екіншіден, мәліметтер бір ғана оқу кезеңінде жиналғандықтан, алынған нәтижелердің ұзақ мерзімді тұрақтылығын бағалау мүмкін болмады. Үшіншіден, зерттеу тек дене шынықтыру сабағымен шектеліп, өзге пәндерде co-teaching әдісінің ықпалы қарастырылмады.

Сонымен қатар, зерттеу қорытындылары co-teaching әдісін инклюзивті білім беру тәжірибесінде кеңінен қолданудың маңыздылығын айқындайды. Әдіс оқушылардың

академиялық жетістіктерін арттырумен қатар, әлеуметтік бейімделуін, өзіндік сенімділігін және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал ететіні анықталды.

Қорытынды. Әдебиетке жүргізілген талдау мен тәжірибелік зерттеу нәтижелері бірлесіп оқыту (co-teaching) әдісінің инклюзивті білім беру жағдайында әдістемелік қана емес, сонымен қатар психологиялық тұрғыдан да жоғары тиімді тәжірибе екенін дәлелдеді. Пән мұғалімі мен арнайы білім беру маманы арасындағы міндеттерді нақты бөлу, әртүрлі ұйымдастырушылық форматтарды (топ/станция/параллель) пайдалану және бірлескен іс-шараларға баса назар аудару мүмкіндігі шектеулі оқушылардың білім беру үдерісіне толыққанды қатысуына, өздерін қауіпсіз әрі қабылданған ортада сезінуіне мүмкіндік береді. Бұл олардың эмоционалдық тұрақтылығын арттырып, әлеуметтік оқшаулану деңгейін төмендетуге ықпал етеді. Мектеп тәжірибесінде co-teaching тәсілінің негізгі оқу бағдарламасын түбегейлі өзгертпей немесе қосымша материалдық ресурстарды қажет етпей жүзеге асырылуы оның практикалық құндылығын көрсетті.

Сонымен қатар co-teaching тәсілі оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеруге, олардың эмоционалдық жағдайын бақылауға және қажетті қолдауды дер кезінде көрсетуге жағдай жасайды. Арнайы педагог пен дене шынықтыру мұғалімінің үйлесімді әрекеті әр баланың әлеуетін ашуға, ішкі мотивациясын күшейтуге және әлеуметтік бейімделуін жақсартуға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, бірлескен оқыту инклюзивті ортадағы психологиялық қолдаудың тиімді механизмі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Қорытындылай келе, co-teaching әдісі мүмкіндігі шектеулі балалардың физикалық дамуымен қатар, олардың психологиялық ерекшелігін, өзіндік сенімділігін, әлеуметтік бейімделуін және тұлғалық дамуын қолдайтын тиімді технология екені анықталды. Алынған нәтижелер инклюзивті мектеп тәжірибесінде бірлескен оқытуды жүйелі түрде енгізудің маңыздылығын және оның білім беру сапасын арттырудағы психологиялық-педагогикалық әлеуетінің жоғары екенін растайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. — [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-spravedlivyy-kazahstan-zakon-i-poryadok-ekonomicheskoy-rost-obshchestvennyy-optimizm-285014>
2. Ерсұлтанова А., Карелхан Н. Инклюзивті білім беруде scratch – программалау ортасын жобаға бағытталған оқыту практикасында қолданудың ерекшеліктері. - Педагогикалық ғылымдар сериясы. №3 (80) 2024. – Б. 114-124.
3. Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228 қаулысы. [Эл. ресурс]. - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228>.
4. Friend M., Cook L. Interactions: Collaboration skills for school professionals. – Boston: Pearson Higher Ed., 2016. – 320 p. https://www.researchgate.net/publication/268075947_Interactions_Collaboration_Skills_for_School_Professionals
5. Murawski W. W. Collaborative teaching in elementary schools: Making the co-teaching marriage work! – Thousand Oaks: Corwin Press, 2010. – 200 p. DOI: <https://doi.org/10.4135/9781452219332>
6. Vygotsky L. S. Mind in society: The development of higher psychological processes. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978. – 176 p. https://www.researchgate.net/publication/273575922_Vygotsky_Lev
7. Байменова Б.С., Онгенбаева Ж.Ж., Абрамкина О.А., Кударова Н.А. Инклюзивті білім беруді дамытудың иетел және отандық тәжірибесі - Gumilyov Journal of Pedagogy №1(150) 2025. – Б. 138-148.
8. Сатова А.К., Төлеубаева А.А. Особенности групповой работы логопеда и педагогов в условиях инклюзивного образования. - Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Специальная педагогика». №2 (73) 2023. – С. 44-48.
9. Алимқұлова Ж. Инклюзивті білім беруде дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру ерекшеліктері // Білім берудегі инновациялар журналы. – 2021. – Т.3, №15. – Б. 45–52.

10. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – 2007 жылғы (өзгерістерімен және толықтыруларымен 2023 жылғы). — [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V09TH000166>
11. Scruggs T. E., Mastropieri M. A. Co-Teaching in Inclusive Classrooms: A Metasynthesis of Qualitative Research / Council for Exceptional al Children. – 2007. – Vol.73, – No.4. – P. 392–416.
12. Cook L., Friend M. The state of the art of collaboration on behalf of students with disabilities / Journal of Educational and Psychological Consultation. – 2010. – Vol.20, – No.1. – P. 1–8. DOI: <https://doi.org/10.1080/10474410903535398>
13. Magiera K., Zigmund N. Co-Teaching in Middle School Classrooms Under Routine Conditions: Does the Instructional Experience Differ for Students with Disabilities? // Learning Disabilities Research & Practice. – 2005. – Vol. 20, – No. 2. – P. 79–85. DOI: <https://doi.org/10.1111/j.1540-5826.2005.00123.x>
14. Құдайбергенова К. Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің кәсіби даярлығы // Қазақстан педагогикалық журналы. – 2019. – Т.4, №22. – Б. 15–21.
15. Сейсенова А. Инклюзивті сыныптағы әлеуметтік бейімделу және co-teaching әдісі // Білім берудегі инновациялар. – 2022. – Т.3, №18. – Б. 33–40.
16. Florian L., Black-Hawkins K. Exploring inclusive pedagogy / British Educational Research Journal. – 2011. – Vol. 37, No. 5. – P. 813–828. DOI: <https://doi.org/10.1080/01411926.2010.501096>
17. Sharma U., Salend S. Teaching students with disabilities in inclusive classrooms: A review of effective strategies / Review of Educational Research. – 2016. – Vol. 86, – No. 2. – P. 403–431.
18. Hattie J. Visible Learning: A Synthesis of over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement. – London: Routledge, 2009. – 378 p.

References

1. Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqayevtyñ «Ädiletli Qazaqstan: zañ men tärtip, ekonomikalıy ösim, qoğamdyq optimizm» atty Qazaqstan halqyna Joldaıy. – [Elektrondyq resurs]. – Qol jetkizu rejimi: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-spravedlivyy-kazahstan-zakon-i-poryadok-ekonomicheskiiy-rost-obshchestvennyy-optimizm-285014> (in Kazakh).
2. Ersultanova A, Karelhan N. Inklüzivti bilim berude scratch – programalau ortasyn jobağa bağıttalğan oqytu praktikasynnda qoldanudyñ erekşelikleri. - Pedagogikalıy ğvlymdar seriesy. №3 (80) 2024. – B. 114-124. (in Kazakh).
3. Dene şynyqtyru jäne sport turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2014 jylğy 3 şildedegı № 228 qaulısy. — [Elektrondyq resurs]. – Qol jetkizu rejimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228>.
4. Friend M., Cook L. Interactions: Collaboration skills for school professionals. – Boston: Pearson Higher Ed., 2016. – 320 [https://www.researchgate.net/publication/268075947 Interactions Collaboration Skills for School Professionals](https://www.researchgate.net/publication/268075947_Interactions_Collaboration_Skills_for_School_Professionals) (in Kazakh).
5. Murawski W. W. Collaborative teaching in elementary schools: Making the co-teaching marriage work! – Thousand Oaks: Corwin Press, 2010. – 200 p. DOI: <https://doi.org/10.4135/9781452219332>
6. Vygotsky L. S. Mind in society: The development of higher psychological processes. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978. – 176 p. [https://www.researchgate.net/publication/273575922 Vygotsky Lev](https://www.researchgate.net/publication/273575922_Vygotsky_Lev)
7. Baimenova B.S, Ongenbaeva J.J, Abramkina O.A, Kudaraova N.A. Inklüzivti bilim berudi damytudyñ şetel jäne otandyq täjiribesı - Gumilyov Journal of Pedagogy №1(150) 2025. – B. 138-148. (in Kazakh).
8. Satova A.K, Töleubaeva A.A. Osobenosti grupovoi raboty logopeda i pedagogov v usloviah inklüzivnogo obrazovania. - Vestnik KazNPU im. Abaia, seria «Spesiálnaia pedagogika». №2 (73) 2023. – S.44-48. (in Russian).
9. Alimqulova J. Inklüzivti bilim berude dene şynyqtyru sabaqtaryn üiymdastyru erekşelikleri // Bilim berudegi innovasiolar jurnalı. – 2021. – Т.3, №15. – Б. 45–52. (in Kazakh).
10. Qazaqstan Respublikasynyñ «Bilim turaly» Zañy. – 2007 jylğy (özgeristerimen jäne tolyqtyrularymen 2023 jylğy). — [Elektrondyq resurs]. — Qol jetkizu rejimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V09TH000166> (in Kazakh).
11. Scruggs T. E., Mastropieri M. A. Co-Teaching in Inclusive Classrooms: A Metasynthesis of Qualitative Research / Council for Exceptional al Children. – 2007. – Vol.73, – No.4. – P. 392–416.
12. Cook L., Friend M. The state of the art of collaboration on behalf of students with disabilities / Journal of Educational and Psychological Consultation. – 2010. – Vol.20, – No.1. – P. 1–8. DOI: <https://doi.org/10.1080/10474410903535398>

13. Magiera K., Zigmond N. Co-Teaching in Middle School Classrooms Under Routine Conditions: Does the Instructional Experience Differ for Students with Disabilities? // *Learning Disabilities Research & Practice*. – 2005. – Vol. 20, – No. 2. – P. 79–85. DOI: <https://doi.org/10.1111/j.1540-5826.2005.00123.x>
14. Qūdaibergenova K. *İnklizivti bilim beru jaǵdaiynda pedagogterdiń kásibi daiarlyǵy* // *Qazaqstan pedagogikalyq jurnaly*. – 2019. – T.4, №22. – B. 15–21. (in Kazakh).
15. Seisenova A. *İnklizivti synypaǵy áleumettik beıımdelu jáne co-teaching ádisi* // *Bilim berudegi innovasiyalar*. – 2022. – T.3, №18. – B. 33–40. (in Kazakh).
16. Florian L., Black-Hawkins K. Exploring inclusive pedagogy / *British Educational Research Journal*. – 2011. – Vol. 37, No. 5. – P. 813–828. DOI: <https://doi.org/10.1080/01411926.2010.501096>
17. Sharma U., Salend S. Teaching students with disabilities in inclusive classrooms: A review of effective strategies / *Review of Educational Research*. – 2016. – Vol. 86, – No. 2. – P. 403–431.
18. Hattie J. *Visible Learning: A Synthesis of over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement*. – London: Routledge, 2009. – 378 p.

Авторлар туралы мәліметтер:

Ислямов Б.Б. – хат-хабар авторы, докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: berikislyamov@gmail.com

Байғалиев Ә.М. – аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: adil_inju@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3486-2667>

Оспанкулов Е.Е. – PhD, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: ernar_erke@mail.ru

Утегенов Е.Қ. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан. E-mail: e.utegenovv@gmail.com

Өмірбек С.Ж. – психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: saltanatomirbek5@gmail.com

Сведения об авторах:

Ислямов Б.Б. – автор для корреспонденции, докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Казахстан. E-mail: berikislyamov@gmail.com

Байғалиев А.М. – старший преподаватель Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Казахстан. E-mail: adil_inju@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3486-2667>

Оспанкулов Е.Е. – PhD, ассоциированный профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Казахстан. E-mail: ernar_erke@mail.ru

Утегенов Е.К. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Жетысуского университета имени И. Жансугурова, г. Талдықорған, Казахстан. E-mail: e.utegenovv@gmail.com

Омирбек С.Ж. – кандидат психологических наук, и.о. ассоциированного профессора Казахского национального женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан. E-mail: saltanatomirbek5@gmail.com

Information about the Authors

Islyamov B.B. – Corresponding Author, Doctoral Student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: berikislyamov@gmail.com

Baigaliev A.M. – Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: adil_inju@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3486-2667>

Ospankulov E.E. – PhD, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: ernar_erke@mail.ru

Utegenov Y.K. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, I. Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan. E-mail: e.utegenovv@gmail.com

Omirebek S.Zh. – Candidate of Psychological Sciences, Acting Associate Professor, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: saltanatomirbek5@gmail.com